

"Қазақстан Республикасында жүктілікті жасанды тоқтату операциясын жүргізудің көрсеткіштері мен ережесі туралы" Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігі төрағасының 2001 жылғы 24 шілдедегі N 687 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің 2002 жылғы 13 мамырдағы N 481 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2002 жылғы 13 маусымда тіркелді. Тіркеу N 1884. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің 2008 жылғы 29 желтоқсандағы N 696 Бұйрығымен.

Күші жойылды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2008.12.29 N 696 Бұйрығымен .

----- Бұйрықтан үзінді -----

"Азаматтардың ұрпақты болу құқығы және оларды жүзеге асыру кепілдіктері туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының б) тармақшасына сәйкес
Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

- 1
- 2
- 3
- 4
- 5 . *М ы н а д а й :*
1) ;

2) азаматтық нормативтік құқықтық актілердің тізбесінде N 1884 тіркелген, Қазақстан Республикасының мемлекеттік орталық атқарушы және өзге де азаматтық нормативтік құқықтық бюллетенінде жарияланған, 2002 жыл, N 31, 661-құжат, "Денсаулық сақтау ісі агенттігі төрағасының 2001 жылғы 24 шілдедегі N 687 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Денсаулық сақтау министрінің 2002 жылғы 13 мамырдағы N 481 бұйрығының күші жойылды деп т а н ы л с ы н .

6

7. Осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

Ж. Досқалиев

"Қазақстан Республикасында жүктілікті жасанды тоқтату операциясын жүргізудің көрсеткіштері мен ережесі туралы" Қазақстан Республикасының

Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігі төрағасының 2001 жылғы 24 шілдедегі N 687 V011620_ Бұйрығына Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің 2002 жылғы 2 сәуірдегі N 4-1/18/2295/а қайта жүргізген құқықтық сараптамасына
б а й л а н ы с т ы Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. "Қазақстан Республикасында жүктілікті жасанды тоқтату операциясын жүргізудің көрсеткіштері мен ережесі туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігі төрағасының 2001 жылғы 24 шілдедегі N 687 V011620_ Бұйрығына мынадай өзгерістер енгізілсін:
көрсетілген Бұйрықпен бекітілген жүктілікті жасанды тоқтату операциясын
ж ү р г і з у е р е ж е с і н д е :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Әйелдің тілегі бойынша: етеккірдің 20 күнге дейін кешігуі, етеккірдің 20 күн кешігуінен жүктіліктің 12 аптасына дейін, әлеуметтік көрсеткіштерімен 12 аптадан 22 аптаға дейін жүктілік мерзімінде; ал жүкті әйелдің өміріне қауіпті медициналық көрсеткіші және оның жүктілік мерзімінен тәуелсіз келісімі бар болса жүктілікті жасанды тоқтату операциясы жүргізіледі. Жүктілікті жасанды тоқтату операциясы меншіктік нысанынан тәуелсіз, көрсетілген қызметке лицензиясы бар, стационарлық жағдайдағы емдеу-алдын алу ұйымдарында жүргізіледі."

10-тармақ алынып тасталсын;

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Етеккірдің 20 күнге дейін кешігуінің ерте мерзімінде, сондай-ақ етеккірдің 20 күннен артық мерзімінен жүктіліктің 12 аптасына дейін кешігуі кезінде жүктілікті жасанды тоқтату операциясы перинатальдық орталық базасында, перзентхана үйінде, қалалық және облыстық клиникалық көп бейінді ауруханаларда, сондай-ақ өзінің құрамында операциялық блоктары, реанимация және жедел емдеу бөлімдері бар мемлекеттік емес меншік нысанындағы ұйымдастырылған стационарларда, күндіз емделу стационарларында жүргізуге рұқсат беріледі.". 12-тармақ алынып тасталсын; 16-тармақтың 2-тармақшасы алынып тасталсын; 22-тармақтың 2-абзацы мынадай редакцияда жазылсын: " Жүктіліктің 12 аптасына дейінгі мерзімде күндіз емделу стационары жағдайында асқынусыз жүргізілген жүктілікті жасанды тоқтату операциясынан кейін пациент 3-4 сағат бойы медицина қызметкерінің бақылауында болуы керек.". 2. Емдеу-алдын алу жұмысы департаменті (Сағын Х.Ә.) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде осы Бұйрықтың тіркелуін қамтамасыз етсін. 3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын. Министрдің м.а. Мамандар: Омарбекова А.Т. Шарипова М.Е.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК